«Серікбол Қондыбайдың Мемориалдық музейі» МКҚК бойынша жүргізілген ішкі талдаулардың қорытындысы бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шетпе селосы 21 тамыз 2025 жыл

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес: Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бағытын іске асыру бойынша бекітілген жоспарға сәйкес, «Серікбол Қондыбайдың Мемориалдық музейі» МКҚК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ішкі талдаулар бекітілген кесте негізінде жүргізілді.

Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері.

Талдаудың мақсаты – Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және жою болып табылады. Талдау міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою болып табылады

Кәсіпорынның құқықтық актілерінде, ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау қорытындысы бойынша ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Персоналды басқару саласын талдау.

Кадр саясаты, персоналды басқару, кадрлар қозғалысы.

Азаматтық қызмет: штат саны-29. Нақты саны-28,5. Бос жұмыс орындары-0,5.

Қызметке қабылданды:

2024 жыл-4 қызметкер.(3 қызметкер уақытша декреттік демалыстағы қызметкердің орнына,1 қызметкер маусымдық жұмысқа)
2025 жыл - 2 қызметкер.

Жұмыстан шығарылды:

2024 жыл-2 қызметкер.

2025 жыл-3 қызметкер.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар-0.

Тағылымдама:

2024 жыл-0 қызметкер.

2025 жыл – 0 қызметкер.

Мүдделер қақтығысын реттеу саласын талдау.

Талдау қорытындысы бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс саласын талдау.

2025 жылдың өткен кезеңінде өтініштердің жалпы саны - 9 түсті, оның ішінде өтініштер - 8, ұсыныстар - 0. Өтініштерге уақтылы жауап бермеу фактілері жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс саласын талдау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қызметтің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуді талдау.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызмет саласын талдау.
Қаржылық-шаруашылыққа байланысты тәуекелдер мен өзге де бұзушылықтар анықталған жоқ.

БАҚ, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарды талдау.

Талдау қорытындысы бойынша «Серікбол Қондыбайдың Мемориалдық музейі» МКҚК-ның қызметкерлеріне қатысты теріс жарияланымдар фактілері анықталған жоқ.

Өзге де функцияларды іске асыру:

Өзге функцияларды іске асыруды талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қорытынды бөлім:

Ағымдағы жыл бойынша «Серікбол Қондыбайдың Мемориалдық музейі»МКҚК-да жүргізілген ішкі талдаулардың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен бұзушылық фактілері орын алмады.

Директор **Р. Бердиева**

Комплаенс-заңгер **С. Нысанов**